

Қаратөбе ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 26 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 ақпанда № 3420 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 8 қаулысымен

Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 15.01.2015 № 8 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратөбе ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қаратөбе ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 80 "Қаратөбе ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3290, 2013 жылғы 24 мамырда "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Ө м і р з а қ о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Шахаров
2014 жылғы 16 қаңтардағы № 26
аудан әкімдігінің қаулысына
қосымша

**Қаратөбе ауданы бойынша нысаналы
топтарға жататын адамдардың қосымша
тізбесі**

1. Бір жылдан астам жұмыс істемеген адамдар;
2. 50 (елу) жастан асқан адамдар;
3. Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының
т ү л е к т е р і ;
4. Алған мамандық бойынша еңбек өтілі және тәжірибесі жоқ жастар;
5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы
бойынша оқуды бітірген тұлғалар.